

Шырақбек Қабылбаев – қазақтың мақтанышы

Қазақтың тұңғыш генералы 1908 жылы 9 наурызда Семей губерниясы (Қазақ КСР Семей облысы Абыралы ауданы №2 ауыл) Қарқаралы уезі Абыралы болысындағы №3 ауылында дүниеге келген.

Шырақбек Қабылбаевтың ата-аналары: әкесі – Қабылбай Бұхарбаев (1860ж.т.), шешесі – Масура Бұхарбаева (1874ж.т.) крестьян отбасынан шыққан. 1930 жылы колхозға кіріп, 1932 жылға дейін Абыралы ауданының №2 ауылында тұрған. Ата-аналары ауылдастары ішінен Абыралы ауданында В.М.Молотов атындағы колхоз ұйымдастырылған. Әкесі 1933 жылы Семей қ., ал шешесі 1948 жылы Жамбыл облысы Луговской ауданында қайтыс болған.

Ш.Қабылбаев 1923 жылға дейін ауыл мектебінде оқыған. Ауылдық мектепте 3-ші сыныпты аяқтағаннан кейін, 1924 жылы Семей қ. ересек қазақ мектебінің оқуына, ал кейіннен 1925 жылы Семей педагогикалық техникумының («Қазақ педагогикалық техникумы») даярлық тобына түседі.

Семей педагогикалық техникумның математика бөлімінде оқып жүргенде Шырақбек Қабылбаев танымал оқытушылармен танысады, кәсіби шебер білім алады, пікірлестері және достары пайда болады.

1926 жылдың ақпан айынан бастап ЛКСМ мүшесі болып, 1934 жылға дейін комсомол ұйымының қатарында болды. 1930 жылы Ұлан ауданының Семейлік аймақ басқарушысы болып іссапарға жіберілді, онда 5 ай қызмет атқарады. Техникум қабырғасында комсомолдық жұмыстарға қатысады. Техникумда болған кезінде Түркісіб линиясы бойынша таратушы және «Қарабаш-Тұз» Сольпром балалар алаңының меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Бұл жылдары Семей қаласы – қазақ зиялыларының жинақталған жері, әрі Алаш орданың шығыс бөлімінің орталығы, мәдениеттің де орталығы болып саналатын. Ол кезде педагогикалық техникум сияқты оқу орны білім іздеп келген ауыл жастары үшін қол жетпейтін арман еді. 1916 жылғы дүрбелең, қазан төңкерісі, азамат соғысы, атыс пен шабыс, өкімет тарапынан халыққа жасалған озбырлық – осының бәрі жаңа ғана ер жетіп келе жатқан жас жігітті сергек, қырағы, сақ болуға үйретті. Сол уақыттағы заманның қиындығымен желіне қарсы тұра жүріп, ол өзін келешекте жауапты мемлекеттік істерді ойдағыдай орындауға әзірлей білді. Ол барлық қиыншылықтарды көзімен көріп, сол кездегі голощекиндік геноцидтың салдарынан 30-шы жылдардың басында болған аштық, халықтың жаппай қырғынға ұшырауы, оған ауыр тиді және жүрегінде із қалдырды. Оқуға түсу, одан оны бітіру қиынға соққан. Оқу жылдарында, яғни 1930 жылдың 5 тамызында Семей қалалық партия ұйымының ВКП (б) кандидаты болып қабылданады. Ал, 1931 жылдың шілде айына дейін «Бастауыш мектеп оқытушысы» мамандығы бойынша Семей педагогикалық техникумын (қазақ педагогикалық техникумы) бітіреді. Техникумды аяқтағаннан кейін осы жылдың маусымынан бастап 15 қазанына дейінгі аралықта математика оқытушысы, Семей ет сақтау құрылысының «Құрылыс училищесі» мектебінің (Жаңа-Семей қ.) оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1931- 1932жж. Ш.Қабылбаев педагогикалық қызметпен айналысады. 1931 жылдың 15 қазанынан бастап 1932 жылдың 10 ақпанына дейін Семей қ., халыққа білім беру қалалық бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарады. Ағымдағы жылдың 10 ақпанынан бастап 25 қазанына дейін Семей облысының Жаңа-Семей қ. колхоз жастарының үлгілі жетілік мектебінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1932 жылдың қараша айында Совет армиясының қатарына шақырылып, Алматы қаласына орналасқан қазақ ұлттық атты әскер полкінің құрамында жауынгерлік дайындықтан өтіп шыңдалады. Алматы қаласы Кавалерия ұлттық полкінің қызыл әскерінде қызмет етіп, орта білімі бар болғандықтан армияда бір жыл қызмет етіп, 1933 жылдың қараша айында взвод командиріне емтихан тапсырып (орташа комсомол құрамы) қайтарылады.

Армия қатарындағы қызметі аяқталғаннан соң, ОГПУ-НКВД жүйесіндегі жұмысқа қабылданады.

1933-938 жылдары НКВД органында қызмет атқарады. Ол кезде бұл салада қызмет атқаратын білімді қазақ ұлтының өкілдері тым аз болатын.

Партиялық-қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан. Командир бөлімшесінің міндетін тәртіпті орындаған. Еңбекшіқазақ аудандық НКВД бөлімінде 1934 жылдың 1 қазанынан бастап 26 қарашасына дейінгі аралықтағы тағылымдамадан өту барысында жақсы жағынан көрсеткен. Бөлімше командирінің міндеттерін орындаған. Курс бойынша барлық бұйрықтарда оқу екпіндісі болған. Оқуды бітіру кезінде жақсы көрсеткіштері үшін 200 рубль ақшалай марапатталған».

1938 жылдың наурызында Қазақ КСР НКВД партиялық ұйымының КПСС мүшесі болып қабылданады, ал 14 наурыз айында денсаулық жағдайы бойынша зейнеткерлікке шығады және НКВД құрамына енгізіледі.

Ағымдағы жылдың наурыз айында Алматылық партия ұйымымен (партиялық билет №1597804) БКП (бүкілодақтық коммунистік партия) (б) мүшесіне қабылданады.

НКВД органының қызметінен босатылғаннан кейін 1938 жылдың наурыз айынан бастап тамыз айына дейін Ш.Қабылбаев Қазақ КСР СХК құпиялы қызметінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1938 жылдың 9 тамызында Ш.Қабылбаев Қазақ КСР Совет Министрлігінен ауыстырылады да Қазақстанның ОКК (б) аппаратына жұмысқа қабылданады. Біздің республикамыздың тарихындағы қиын кезеңдерде Ш.Қабылбаев ОК аппаратында қызмет атқарады. Осы қиын уақыттарда ол өзін партиялық, икемді де төзімді қызметкер ретінде көрсетеді.

1939 жылдың 7 қаңтарынан бастап Қазақстанның КП ОК хатшысы Жұмабай Шаяхметовтың көмекшісі болып жұмысқа кіріседі. Осы кезеңнен бастап Жұмабай Шаяхметов Шырақбек Қабылбаевтың тәлімгері және оқытушысы болады. Ол ОК партиясының ерекше секторында партияның ұйымдастырушысының орынбасары, 1941 жылы Қазақстанның КП ОК хатшысының көмекшісі және Қазақстанның КП ОК кадр секторының меңгерушісі болған.

1941 жылдың 29 желтоқсанында Ш.Қабылбаев Қазақстан делегациясын басқарып, азық-түлік тиелген 15 вагон эшелонды Батыс майданда орналасқан Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизиясы болып аталған жауынгерлер құрамына сәлем-сауқаттарды тапсыратын Қазақстан КП ОК өкілі ретінде барады. Осы тұста 1942 жылғы 01 ақпандағы «Казахстанская правда» газетіндегі «В Восьмой

Гвардейской» атты мақаланың деректеріне сүйенсек: «Алматы қаласы және Алматы облысы біздерге құрметті тапсырма тапсырды. Біздер генерал – майор Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизия болып аталған құраманың жауынгерлеріне Қазақстанның еңбекшілерімен жиналған сәлем-сауқаттарды тапсыру керек болатын. Осы аппаратын делегация құрамының бастығы етіп Ш.Қабылбаев тағайындалған еді. 29 желтоқсан күні делегацияны дивизия өкілі штаб комиссары жолдас Фролов қарсы алады. Біздер Панфиловшы-жауынгерлердің арасында майдан өмірімен танысып, жауынгерлермен кездесіп, олардың алдында сөз сөйлеп, күш-жігерлерін көтердік. Екінші және үшінші күндері Момышұлының, Капровтың, Кургановтың және тағы да басқа бөліністерде болып, олардың алдында сөз сөйледік, Панфиловшы-жауынгерлердің көздерінен қуаныш көрдік. Бауыржан Момышұлының, жолдас Афониннің, Тараданың ерліктерімен таныстық. Біз Сіздерді Жеңіспен күтеміз!», деп жазылған. Бұл тылдан майданға барған қазақстандық алғашқы делегация еді.

1942 -1948 жылдары Қазақстанның КП ОК ұйымдастырушылық-нұсқаушылық бөлім меңгерушісінің орынбасары болса, 1948-1953 жылдары Қазақстанның ОК КП әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болады.

Қазақстанның КП ОК бөлімдерінің бірігуіне байланысты Ш.Қабылбаев 1953 жылы Қазақстанның КП ОК әкімшілік және сауда – қаржы органының бөлім меңгерушісі болып бекітіледі. Осы лауазымда бола тұра, Қазақстанның құқық қорғау органдарының қызметтерін, дәлірек айтқанда ІІМ, МҚК, прокуратура, Жоғары сот, Әділет министрлігі, әскери ұйымдармен ДОСААФ, денсаулық сақтау, спорт ұйымдарын және Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігіне басшылық етеді. Қазақстанның КП аппаратында Ш.Қабылбаев он алты жыл қызмет атқарған.

1954 жылдың 9 тамызында КПСС ОК Қаулысымен Ш.Қабылбаев Қазақстанның ішкі істер органдары тарихында жергілікті кадрлардың ішінен бірінші рет Қазақ КСР-нің ішкі істер министрі болып тағайындалады. Ол кезде Ш.Қабылбаев 46 жаста еді.

Республиканың Ішкі істер министрі болып тағайындалғаннан кейін, 1954 жылдың 6 қараша айында оған «ішкі қызмет полковнигі» атағы беріледі. Ш.Қабылбаев әуелі ішкі қызметтің полковнигі, ал 1955 жылдың шілде айында ішкі қызметтің генерал-майоры (сол кездегі атау бойынша ішкі қызметтің 3-рангілі генералы) атағы беріледі.

Ол министр болған кезде ішкі істер органдары жүйесінде күрделі өзгерістер мен реформалар жасау ісін жүргізу қажет болды. Республика бойынша ішкі істер жүйесіндегі барлық қарлардың күш жігерін дұрыс жұмылдыра отырып, жүзеге асыруды талап етті. Үш жылдың ішінде ІІМ 40 савхоздық үй-жайылымдар, тұрғын үй кешендері және шаруашылық нысандары, автокөлік жолдары және басқа да маңызды нысандар салынды. Сол жылдары тың игеруге мамандар мен патриоттар ғана келген жоқ, сонымен қатар жеңіл пайда табамыз деп қылмыстық ортаның өкілдері де келді. Сол себептен қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету сұрақтары күн тәртібінде басты сұрақтардың бірі болып табылды. 1953 жылы Сталиннің өлімінен кейін сотталғандар көпшілігі рақымшылдық бойынша босатылып, жедел жағдайларды қиындатты және шиеленістіре түсті. Бостандыққа 1 миллион 200 мың сотталғандар шықты. Осыдан бастап елде рецидивті қылмыстар көбейді, аса қауіпті қылмыстар саны өсті. Осындай маңызды да қиын сұрақтарды Ішкі істер министрі – Ш.Қабылбаевтың шешуіне тура келді.

Ішкі істер министрі Ш.Қабылбаев кадр саясатын тиімді жүргізді. Милиция генерал-майоры К.Бесперстовтың айтуынша: «Ш.Қабылбаев кадрларды жақсы іріктей алды. Басшылық лауазымдарға жақсы ұйымдастырушылық қабилеті бар адамдарды жинады. Қазақстанның ішкі істер органдарының жұмысына Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери тәжірибесі мол, майданның барлық шептерінде болған адамдарды тартты. Осындай адамдар заңдылық пен құқық қорғау тәртібін орнату үшін министрдің мықты тірегі болды. Сондай-ақ, Ш.Қабылбаев қызметке кәсіби заңгерлерді, сараптамашыларды, инженерлермен тілшілерді тартты». 1957 жылдың 17 наурыз айында Ш. Қабылбаевқа 3 рангілі ішкі қызмет генерал атағы беріледі. Ол кезде Ш.Қабылбаев 49 жаста болатын.

Алайда Ш.Қабылбаевтың еңбек жолында кедергілер де көп болды. Соның бірі - Теміртау оқиғасы. Сол уақытта Теміртау қаласындағы металлургия комбинатын, Қазақстан магниткасы деп атаған. 1959 жылдың жазында комбинат құрылысына жұмысшы жастар шеттен әкелінді. Жұмысшыларға дұрыс материалдық жағдайлар жасалған жоқ, азық-түлік жетіспеді. Осының салдарынан 1959 жылдың тамыз айында жұмысшылар бүлік шығарады, милиция органдарына шабуыл жасайды. Осы оқиғадан кейін Ш.Қабылбаев жазықсыз жазғырылып орнынан, яғни ішкі істер қызметінен 1959 жылдың 18 қараша айынан бастап 16 желтоқсан айына дейін тағайындалған лауазымынан партиялық жаза тәртібін салумен босатылады. Сондай-ақ, Ш.Қабылбаевқа және Қарағанды облысы ІІБ полковнигі Н.Н.Любых екеуіне Қазақ КСР 145 бабы бойынша (билігін асыру) қылмыстық іс қозғалады. Қабылбаевтың осы тұстағы арызы алғашқы тергеу аяқталғаннан соң, КСРО Бас прокуроры Руденкомен жеке қаралып, негізсіз және дәлелденбеген кінәларды алып тастауға нұсқау береді.

Содан соң, ол 1959 жылдың 16 желтоқсанынан бастап 1960 жылдың 27 ақпанына дейінгі аралықта ЖӘҚҚ (жергілікті әуеге қарсы қорғаныс) республиканың Алматы мектебінің курс бастығы болып қызмет атқарады. Бұдан кейін Алматы облыстық Алматы облыстық советінің еңбекші депутатының атқарушы (УООП) Қоғамдық тәртіп күзет Басқармасының бастығы болған жылдары барлық көрсеткіштер бойынша бұл бөлініс республикада ең үздік болып танылды.

1966 жылы облыс бойынша қауіпті қылмыстар, ауыр дене жарақаттары, азаматтардың жеке заттарын ұрлау азайды және республикада қылмыстарды ашу және іздестіру бірінші орында болды.

1959 жылғы қайғылы тамыз күндерінен кейін Ш.Қабылбаевтың өмірінде ұзақ күткен тарихи әділдік орнады. Қазақстанның КП ОК бюросының қаулысымен 1967 жылдың 12 сәуірінде Ш.Қабылбаев қайтадан Қазақ КСР ішкі істер министрі болып тағайындалады. Шырақбек Қабылбаевтың айтуынша: «... раз уж мне выпало судьбой вторично быть министром, то я должен что-то сделать для этого ведомства, что даст плоды в будущем».

КПСС ОК Бас хатшысы Л.И.Брежневтің келісімімен және Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, КПСС ОК Саяси бюросының мүшесі, Д.А.Кунаевтың ұсынысы бойынша Ш.Қабылбаев екінші рет жауапты да жоғары лауазымға тағайындалады. 1967 жылдың 1 қараша айында Ш.Қабылбаевқа 2 рангілі ішкі қызмет генерал атағы беріледі.

КСРО қоғамдық тәртіп күзет министрі генерал-лейтенант Н.Щелоков Ш.Қабылбаевтың кәсіби қызметін былайша бағалаған: «Ш.Қабылбаев тәжірибесі мол, ұйымдастырушылық қабилеті жақсы, қылмыспен күресуге және сотталғандарды қайта

тәрбиелеуге кәсіби басшылық жасады. Жиі-жиі ұжым жұмысшыларының алдында сөз сөйлеп, олармен тығыз қарым-қатынас жасады, көмек берді. Қазақ ССР Үкіметінің алдына қылмыспен және құқық бұзушылықтармен күресуде жан-жақты бағыттардағы мәселе қойды. Қызметкерлердің мұқтажына назар аудартты. Қоғамдық тәртіп күзет министрлігінің және республикалық партия және советтік актив жеке құрамының арасында беделді болды».

Мендеке Туткиннің 1992 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Прокурор естеліктері» атты кітабында, «Шәкең, елді мекендерде болғанда, жұртшылықпен, қызметкерлер және аппараттағы адамдармен кездескенде байқаған кемшіліктерін дауыс көтермей, байсалды, мәдениетті түрде сын-ескертпе жасайтын. Сонда – сендер заңдылықты қорғайтын, әділдікті орнататын адамсындар. Сендерге көп жағдайда халықтың тағдырын шешу жүктелген», делінген.

Ал, Шығыс шекаралық округінің Әскер бастығы генерал-лейтенант Меркулов Ш.Қабылбаевқа мынадай мінездеме береді: «Ш.Қабылбаев шекаралық әскерлермен өзара ІІМ органдарымен қарым-қатынас сұрақтары бойынша іскерлік байланыста болды. Қазақ ССР ІІМ Жергілікті органдарымен жергілікті тұрғындар арасында кіру және шекара аумағында тұру тәртіптерін қарастыратын құжаттарды зерделеу бойынша жұмыстар атқарды. Шекаралық жасақтарға бару кездерінде жеке құрамның алдында елдің өмірі жайлы көкейтесті сұрақтар бойынша дәрістер өткізді».

Ш.Қ.Қабылбаев Қазақстанның КП ОК мүшесі болып төрт рет, Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаты болып үш рет сайланған.

Ш.Қабылбаев 12 жыл Қазақ КСР ішкі істер министрі болып қызмет атқарған кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында республиканың заңнамалық базасын күшейту саласына және республикада құқықтық тәртіпті күшейту, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасы мен кадрларды жақсарту олардың қызметтеріне демократиялық ізгілік принциптерін енгізу ісіне зор үлес қосты. Оның арқасында ішкі істер органдары техникамен жабдықталды, сонымен қатар қызметкерлердің тұрмыстық жағдайлары жақсарды, жүздеген көп қабатты үйлер және онға тарта емханалар салынды. Сонымен қатар ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Алматыда шипажайлық – курорттық мекеме құрылды, қылмысқа қарсы әрекет жасауда ерекшеленген қызметкерлер және қиын қызметті атқаратын милиция қызметкерлері туралы онға тарта кинофильм түсірілді.

Ш.Қабылбаевпен бірге қызмет атқарған Қазақ ССР ішкі істер министрінің бірінші орынбасары ішкі қызмет генерал-майоры А.Жданов: «Ол адамның адалдығына және жауаптылығына баса назар аударатын, өзіне және бағынысындағыларға жоғары талап қоятын, адамдарға әділ және қамқорлығы мол жан болды және Қазақстанның ішкі істер органдары жеке құрамының алдында беделі жоғары болды. Ш.Қабылбаев қызметкерлерді жауапсыздықтары үшін қатал жазалайтын, бірақ негізсіз кінәлауды қорғайтын, сонымен қатар әрқашанда көмек беретін. Басшы және әріптестері қандай ұлттан болса да, ол барлығына аға және дос болды», - деп еске алды.

Республикада Ішкі істер министрлігін Ш.Қабылбаев басқарған кезде ішкі істер органының қызметін жетілдіру және жақсарту бойынша қомақты жұмыстар атқарылды. Сотталғандарды қайта тәрбиелеу жұмыстары да жақсарды. Қазақ КСР ІІМ еңбекпен түзету мекемелерінде өнеркәсіп өнімдерін жетілдірудегі бес жылдық жоспар 1970 жылы 1 қараша айында, ал өнеркәсіп көлемі 1970 жылдың 7 қарашасында мерзімінен бұрын орындалды.

Ш.Қабылбаевтың бастамасы бойынша Қазақстанның ІІМ ведомстволық оқу орындары құрылды.

1956 жылғы маусым айында Алматыда Алматы арнайы орташа милиция мектебі (бүгінгі таңда *ҚР ІІМ Алматы академиясы*), ал 1969 жылы 10 қазан айында Қарағанды қаласында КСРО ІІМ жоғары мектебі (бүгінгі таңда *Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы*) ашылды. Осы жоғары дәрежелі оқу орнын ашу үшін төрт рет Мәскеу қаласына ұшып, КСРО ІІМ Ішкі істер министрі армия генералы Н.А.Щелоковтың қабылдауында болды. КСРО ІІМ Академиясын құрушы, экономика ғылымының докторы Н.А.Щелоков Ш.Қабылбаевтың Қазақстан және Қырғызстан ішкі істер органдары үшін ұлттық кадрларды даярлау үшін Қарағанды жоғары мектебін құру туралы ұсынысын қолдады.

Осылайша, Павлодар қаласында орта және басшылық құрамдардың облыс аралық милиция мектебін, Теміртау, Шымкент және Қостанайда (1969 жылы) қалаларында облысаралық оқу орындарын ашты.

Облысаралық мектептер базасының милиция оқу пунктерінде республикадағы ішкі істер органы мен қылмыстық-атқару жүйесі үшін кадрларды даярлайтын қазіргі жоғары оқу орны - Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы пайда болды.

Ш.Қабылбаев ішкі істер министрінің жауапты да жоғары лауазымын атқара отырып, негізгі жұмысымен бірге депутаттық қызметті де бірге алып жүрді. Ол Қазақстанның КП ОК 4,5,8 сайлауында төрт рет мүшесі болып сайланды. Еңбекші депутатының Алматы қалалық совет депутаты, еңбекші депутатының Алматы облыстық советінің депутаты, Алматы қаласының Сталиндік аудандық партия мүшесі, Қазақстан КП Алматы обкомының мүшесі болып сайланды. 1971 жылы Қазақстан КП Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды.

Халқына мінсіз қызмет атқарғандығы үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен (1956, 1967жж.), Ленин орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен (1945ж.), Қазақ КСР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен, КСРО ІІМ Құрмет грамотасымен (1970ж.), «КСРО Қарулы күштеріне 40 жыл» медалімен, «Ұ1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен» (1945ж.), «Мінсіз қызметі үшін» ІІІ дәрежелі медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» ІІ дәрежелі медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» І дәрежелі медалімен, «Тың жерді игергені үшін» медалімен, «Советтік милицияға 50 жыл» мерейтойлық медалімен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл тойлауындағы қажырлы еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен (1970 ж.), «КСРО Мемлекет шекарасын күзетудегі ерекшелігі үшін» медалімен, «КСРО Қарулы күштеріне 10 жыл» медалімен, «Қоғамдық тәртіпті күзету бойынша ерекше қызметі үшін» медалімен марапатталған. КСРО ІІМ Құрмет кітабына енгізілген.

Шырақбек Қабылбаев жан-жақты білімді адам болатын. Ол көркем әдебиетті көп оқыды. Ол Мәлік Ғабдулинмен, Ғабит Мүсіреповпен, Бауыржан Момышұлымен, Ильяс Омаровпен және басқа да әдебиет қайраткерлерімен достық қарым-қатынаста болды. М.Әуезовтың шығармаларын жоғары бағалады, әсіресе, Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларын жатқа білді.

Ол республикада қоғамның милициямен байланысына үлкен назар аудартты. Әсіресе милиция тақырыбында кітаптар басып шығару бастамасын қолдады. Оның жалпы редакцияны басқаруымен милиция, оның қылмыстарды ашудағы қиындықтарымен дағдылы жұмыс күндері жайлы кітаптар басып шығарды. Кітаптар көп сұраныста болды. Осылайша: «*Особое назначение*» (1972ж.), «*Расследование*

продолжается» (1965ж.) «Бессонный патруль» (1974ж.), «Преступления могло не быть» (1970ж.), «Қоғамдық тәртіп сақшылары» және басқа да кітаптар басылып шықты. «Синие шинели» атты кітабында Қазақстанның милиция туралы бірінші басылымы болды.

Денсаулық жағдайына байланысты, 1973 жылдың 12 қараша айында Ш.Қабылбаев 66 жасында Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Д.А.Кунаевқа Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің міндеттерінен босату туралы арыз ұсынады. 1976 жылы 5 шілде айында 68 жасында генерал-лейтенант Ш.Қ. Қабылбаев дүниеден өтеді.

Осындай тарихи тұлғаның ел алдындағы қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесін ескере отырып, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен және ол жөнінде мәңгі есте қалдыру, болашақ жастарға үлгі – өнеге беру мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілді.

Оның тарихи өмір жолы, Отанға, еліне деген борышы, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін жақсы үлгі ретінде қызмет етеді. Тарихта елеулі із қалдырған қоғам және мемлекет қайраткері, өз заманында қызметкерлерден тек қана адалдықпен әділдікті, әрқашан адамдарға көмектесуге дайын болу қасиеттерін талап еткен мемлекеттік тұлға.

М. Қызылов
з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі
Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы





Л.И. Брежнев және үкімет комиссиясы селден кейінгі Медеу бөгетінде. Шілде, 1973 ж.

